

## Көшені қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 914 қаулысы және Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 8/64-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 ақпанда № 4873 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасын, 31-бабының 2-тармағын, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 5-1) тармағын, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 1 қарашадағы қорытындысына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Аягөз ауданының мәслихаты **ШЕШТІ** және Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Аягөз қаласының "9-шы шағын аудан" көшесі - "Ысқақ Сүлейменов" көшесі деп қайта аталсын.
2. Осы бірлескен шешім мен қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*  
*А. Қасымжанов*  
*Мәслихат хатшысы*

*Аудан әкімі*  
*Б. Байахметов*  
*С. Искаков*